

«Сейфуллин окулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.ІІ. - Б. 162-164

МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЕВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ, ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

Әкібек А.

Мен бұл тақырыпты таңдауымның себебі - «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Ұлы Даланың ұлы есімдері» жобасы іске қосылды. Осы тұрғыдан алғанда тарихи тұлғаларды тереңірек танып білу жастар үшін аса маңызды. М.Тынышбаевты баяндамамыздың кейіпкері ретінде таңдауымызға себебі болған: ол бір жағынан Алаш ұлт- азаттық қозғалысының белді мүшелерінің бірі болса, екінші жағынан зерттеуші-ғалым, тарихшы ретінде кеңінен танылған.

М.Тынышбаев сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері XVIII – IX ғасырларда да шыққан. Олардың қатарында Ш.Уәлиханов, А.Құнанбайұлы, Г.Потанин, Ы.Алтынсаринді жатқызуға болады [1]. XVIII – IX ғасырларда ұлт- азаттық қозғалыстың негізгі мақсат-міндеттері – патша үкіметін құлату болса, XX ғасырдың бас кезінде олардың ісін Алаш қайраткерлері жалғастырған еді .

Ол – қазақтан шыққан тұңғыш теміржолшы- инженер. Кезінде Санкт-Петербургтегі жол қатынасы инженерлер институтын бітірген инженер М.Тынышбаев Жетісу темір жолының жобасын жасауға, кейін оның құрылысына қатынасып, тыңнан түрен тарқан кәсіби маман. 1905-1907 жылдары Ресей империясының қоғамдық- саяси өміріне белсенді араласа бастайды [2].

Студент М.Тынышбаев 1907 жылы 28 жасында II Мемлекеттік Думаға Жетісу облысынан депутат болып сайланады. Патша өкіметіне, әрине, мұндай сайлау ұнаған жоқ. Дума мінбесінен қазақ депутаттарының үндері шыға бастады. Соның ішінде Бақытжан Қаратаевтың Столыпиннің аграрлық саясатын сынаған баяндамасы ерекше толқыныс тудырды: «Дәл қазіргі Ресейдегі жер мәселесі ушығып тұрған жағдайда егіншілік және жерге қоныстандыру мекемесі тек шаруаларды қоныстандырып, Далалық облыстарға шақырып қана қойған жоқ, сонымен қатар қазақтарды топ-тобымен тұрған жерлерінен, үйлерінен қуып шығаруда...». Демократиялық ойын 1907 жылдың 3 маусымындағы заңмен «еркін ойлайтын» Думаны таратумен аяқталады [3].

Дума таратылған соң Тынышбаев Орта Азия теміржолына қызметкер болып, Әмудария арқылы салынған көпірдің құрылысына қатысады. 1911 жылы Урсатьевск- Әндіжан теміржолы құрылысының бас инженері және бастығы болады. 1912 жылы Мемлекеттік Думаға мүше Ә.Бөкейхановпен және әкімшілік жолмен жер аударылған А.Байтұрсынов, М.Дулатовпен

бірігіп патша үкіметі кезінде бірнеше рет тәркіленіп, айып салынған тұңғыш қазақ газеті «Қазақты» шығаруға қатысты. 1917 жылғы 21-26- шілдеде Орынбор қаласында Жалпы- қазақ съезі өткізілді. Онда қазақ облыстарынан сайланатын депутаттар белгіленді. Бірінші бүкіл қазақ съезі шешімінде: "Алаш" партиясын құруды қажет деп тани отырып, съезд Бүкілресейлік мұсылман Кеңесіндегі қазақтардың өкілдеріне осы партияның бағдарламасын әзірлеуді тапсырады. "Алаш" партиясының көшбасшысы Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және буржуазиялық- демократиялық бағыттағы қазақ интеллигенциясының басқа да өкілдері болды. "Алаш" партиясына ғылыми және шығармашылық интеллигенция өкілдері кірді: М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, Г. Қарашев, С. Торайғыров, Х. Ғаббасов, А. Ермеков, Ж. және Х. Досмұхамедов және т. б. 1917 жылғы 5-13 желтоқсанда өткен келесі съезде Мұхамеджан Тынышбаев Ұлттық Кеңеске, яғни «Алашордаға» үкіметі құрамына сайланады. 1918 жылғы жазда Алашорда үкіметі М.Тынышбаевтың қатысуымен «Алаш автономиясының аумағында жерді уақытша пайдаланудың ережесі туралы» жобаны қабылдады [4].

1917 жылдың жазының соңы мен күзінің басы Тынышпаев үшін аса қарқынды саяси белсенділік кезеңі болды. Ол екі жаққа жұмыс істеді. Қазақстанда оның қатысуымен құрылған "Алаш" партиясы нығайса, Түркістанда (Орталық Азия) Мұстафа Шоқаймен бірге Түркістан автономиясын бірге құруды жоспарлады. Олардың күш-жігерінің арқасында Түркістан өлкесі мұсылмандарының Қоқан қаласында (1917 жылы қараша) ІҮ съезі өтті. Осындай саяси- әлеуметтік жағдайдың қиын шағынды күрескер зиялылардың басшылығымен Қоқан автономиясын құрудың оңтайлы сәті түсті. Түркістан Уақытша үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі болып Мұхамеджан Тынышбаев сайланды.

Большевиктер Түркістан автономиясын талқандағаннан кейін Тынышпаев Жетісуға толығымен ауысады. 1918 жылдың жазында, азаматтық соғыс басталған кезеңде, ол комиссар қызметін атқарып жүріп облыстың солтүстігіне барады және 31 Тамызда Лепсіде екінші Жетісу қазақ съезін өткізеді. 1919 жылдың көктемінде Байтұрсынов бастаған Алашорда Кеңес өкіметінің жағына көшуге мәжбүр болды.

Алаш қозғалысының бұрынғы қатысушыларының тобы тұтқындалған кезде, ашық және жасырын бақылау 20-жылдардың соңында күшейе түсті. Азаматтық соғыстан кейін тек 10 жыл ғана Мұхамеджан Тынышпаев белсенді шығармашылық қызметпен және ішінара өз мамандығы бойынша темір жол инженер-құрылысшысы қызметімен айналысты. 1930 жылы Алаш қозғалысына қатысқаны және Түркістан автономиясы (Түркестон Мухтарияти) үкіметін басқарғаны үшін Мұхамеджан Тынышбаевты ОГПУ агенттері "буржуаз ұлтшыл" деген айып тағып, қуғын-сүргінге ұшырайды. Өз пікірлестерімен бірге қазіргі Воронеж облысына бес жыл мерзімге қоныс аударылды. Сілтеме кезінде ол жоғары білікті маман ретінде Мәскеу – Донбасс темір жолының құрылысына тартылған. М.Тынышбаев бостандыққа

шыққан соң, 1937 жылдың 21 қарашасында НКВД агенттерімен қайта тұтқындалып, 1938 жылы Ташкент түрмесінде атылды [5].

М.Тынышбаев өмірінің соңғы жылдарында бар күш- жігерін халықтың тарихи санасын қалыптастыруға жұмсайды. Қазақ халқының бұрын соңды зерттелмеген кезеңдерін зерттеп, іргелі еңбектер жазады. Тынышбаевтың тарихпен және өлкетанумен белсенді шұғылдануы Ташкентте өмір сүрген уақыттарына сәйкес келеді. Тынышбаев өзінің байыпты да білгір тарихшы екендігін А.П.Чулошниковтың (часть I, Оренбург, 1924) Қазақстан тарихының очерктерін түбегейлі талдауымен мойындата білді. Ол мұнда аталған тарихшының қазақ халқын құраған «қоңырат», «жалайыр», «найман», «керей» руларының тағдырындағы Шыңғысхан рөлі туралы көзқарастарындағы қателіктерді орынды байқаған. Мысалы, мұнда М.Тынышбаев деректер негізінде қоңырат руының Шыңғысханға шеше жағынан туыстығын, ал Шыңғысханды керей тайпасынан шықты деген А.П.Чулошников көзқарасының тарихи деректер тұрғысынан негізсіздігін, сондай-ақ аталған тарихшының Шыңғыстың наймандармен одақ жасағаны туралы көзқарасының да қателігін атап көрсеткен. Қоғамның 1927-1928 жылдардағы баспа жоспарында М.Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихы» атты 30 баспа табақтық еңбегі қазақ және орыс тілдерінде басылатын болған [4].

Ғалым өз зерттеулерінде қазақты құраған рулар мен тайпалардың тарихына жеке-жеке тоқталып, олардың әрқайсысының шежіре-кестесін, ұрандарын анықтап жазады. Еңбектен мынадай жолдарды қарасақ: «Қазақтардың үш жүзден құрылғаны мәлім: Ұлы, Орта және Кіші жүздер.

Ұлы жүзді құрайтындар: а) Үйсін (тармақтары — Дулат, Албан, Суан, Сарыүйсін), оған қосылғандар: Шапырашты, Ошақты, Ысты және Сіргелі; ә) Жалайыр; б) Қаңлы, оған Шанышқылы қосылған.

Орта жүзде: а) Арғын; ә) Найман; б) Қыпшақ; в) Қоңырат; г) Уақ; д) Керей.

Кіші жүзге: Алшын, ол үш топтан тұрады: а) Байұлы (адай, беріш, алтын, жаппас, есентемір, таз, байбақты, тана, масқар, алаша, қызылқұрт, шеркеш және ысық); ә) Әлімұлы (әлім, шөмекей, немесе шөмен, және кете); б) Жетіру (табын, кердері, тама, жағалбайлы, телеу, керейіт және рамадан) [6].

Жүздердің шығуын автор Алтын Орда кезеңіне сәйкес келетіндігі туралы пікір білдіреді. Өз ойын былайша түйіндейді: «... Наймандардың Шайбақтар қарамағына өтуі 1320–1330 жылдары шамасы болуы ықтимал, яғни Хайду хан өлген соң бірнеше жыл өткеннен кейін. Шамасы, бұл Үгедей мен Шағатай ұрпақтарының өзара қырқысы кезінде болған сияқты. Жошы ұлысының (Алтын Орда) Батыс бөлігін Батудың ұрпақтары, Шығыс бөлігін Семей облысы мен Балқаш көлімен, Қаратауға дейінгі аралықты (Ақ Орда) Орда-Еженнің ұрпақтары, ал орта бөлігін, Арал немесе Көк теңізден солтүстікке дейінгі аралықты (Көк Орда) Шайбақтың ұрпақтары биледі десек, онда наймандар шамасы қазіргі Атбасар, Ырғыз үйездерін мекендеп, Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген хорезмдік ұйғырлармен көрші тұрса керек» [7].

Ол қазақ шежіресін зерттеумен қатар, қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресінің тарихына арналған «Ежелгі Иланбалық (Іле Балық) қаласының орны туралы» «Ақтабан шұбырынды» атты шығармасын, «Көксу үйіндісі және Баласағын қаласы», «Сырдария және Жетісу губерниясындағы қалалардың, бекініс, қорғандардың іздері» деп аталған өлкетанушылық мазмұндағы еңбектерін жазып, жариялаған. Ғалым «Ақтабан шұбырынды» атты еңбегінде үш жүздің «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары бас қосқандығын айта келіп, ынтымақтастықтың арқасында Аңырақай шайқасында қазақтардың жеңіске жеткендігін баса көрсетеді: «Ә.Диваев келтірген екінші аңыз бойынша, қалмақ қырылған жеңістен соң соғыс тағы да 3–4 жылға созылады. Бұл екінші ұрыста да қалмақтар орасан жеңіліске ұшырап, сол ұрыс болған жер (қалмақты аңыратқан соң) «Аңырақай» аталып кетеді. «Ақсақалдардың айтуынша, — дейді Диваев, — «Аңырақай» Арал теңізінің солтүстігіндегі таудың Алакөл жағында жатқан «Итішпес» көлінің жанындағы жер» [8].

Әр дәуір өз қаһармандарын туғызбай тұра алмайды. Өз заманының озық ойлы тұлғаларының бірі, елінің азаттығы жолында күрескен ұлт зиялысы Мұхамеджан Тынышбаевтың тарихымызда орны ерекше. Шок жұлдыздай ағып өткен қысқа ғұмырында Мұхамеджан Отаны үшін жасаған еңбектері зор.

Әдебиеттер тізімі

1 Қайырболат Ж.Нұрбай , Гульмира Ж.Жуман, Средний Жуз в период XVIII- начала XIX веков: политический аспект проблемы // Былые годы, 2019 . №4. С .1479-1489

2 М.Тынышбаев «Қазақ халқының тарихы»- Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ., 2010 ж.- 229 б.

3 Ө.Озғанбай «Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан» - Алматы , 2006 ж.

4 «Дәуірдің жарық жұлдызы» - Құрастырушы М.М.Бекманова - Алматы, 2001 ж.- 258 б.

5 «Мухамеджан Тынышбаев- в контексте истории» - Известие Казахстана, 2004 ж- 28 августа, №138

6 М.Тынышбаев, М.Массон, С.Маслов, Г.Грумм- Гржимайло «О чем поведали ученые»- Алматы: «Рауан» , 1997 ж.-144 б.

7 М.Тынышбаев «Қазақ руларының шежіресі» / Орысш. ауд. Ә.Салықбай / Қазақ тарихы.- 2009 ж. — № 5 (98)

8 Тынышбаев М. «Ақтабан-шұбырынды. (Қазақтардың азапты босулары және айбынды жеңістері)», Ана тілі. -3 мамыр. — 4–5-б.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор Нұрбай Қ.Ж.